

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

19.11.2025 ж. KZ04A112U00281825

ТАНАТАРОВА АҚМАРАЛ ТУЛЕГЕНОВНАНЫҢ
ЖЕКЕМЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕСІН
МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН
ШЫҒАРУДЫ БАСТАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 18, 84, 85, 88-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бөліміне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына сәйкес «Ақтөбе қаласының тұрғын үй-коммуналдық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-ның хаты негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Танатарова Ақмарал Тулегеновнаның Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сәңкібай батыр даңғылы, 373 А мекенжайындағы көлемі 0.3100 га жақын жатқан аумақты көріктендіре отырып, ғимарат салу үшін жекеменшік құқығындағы жер учаскесін (кадастрлық нөмірі 02-036-155-1986) мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

Мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты автомобиль жолын орналастыру мақсатында халықтың мұқтажын қанағаттандыру үшін жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мәжбірлеп иеліктен шығару күні – осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап үш айдан ерте емес.

Келісім рәсімдерін жүргізу «Ақтөбе қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-ге жүктелсін.

Жолығу мекенжайы: «Ақтөбе қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 2, 48-кабинет.

«Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бюджеттен қаржы қарастырсын.

«Ақтөбе қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ заңмен белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдағаны, соның ішінде қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Ж.Бисембинге жүктелсін

Жер учаскесіне құқықты мемлекеттік тіркеусіз жер учаскесін пайдалануға жол берілмейді

Осы шешім і қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шешім/қаулыны дайындаған бөлім басшысының міндетін атқарушысы (лауазымды адамның) және қала әкімінің электрондық-цифрлық қолтаңбасы

Қала әкімі А.БЕКЕТ.

Комиссия отырысы

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ –
БАСТЫ НАЗАРДА

Әйтеке би ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Убайдуллиннің төрағалығымен өткен көмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі көмітелген комиссия отырысында жасөспірімдерге қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Жиында құқықбұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, білім беру ұйымдарындағы бақылауды күшейту сынды мәселелер көтеріліп, нақты ұсыныстар айтылды.

Әйтеке би аудандық полиция бөлімі басшысының міндетін атқарушы Дастан Демеуғалиев, аудандық білім бөлімінің басшысы Сәулеш Биртаева, аудандық балалар жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Қуаныш Надилов атқарылған жұмыстар мен жоспарлар туралы айтты.



Комиссия отырысы аясында ұйымдастырылған семинар-практикумда жасөспірімдерді іс-шараларға тасымалдау кезінде сақталуға тиіс алгоритмдер бойынша ақпараттық түсіндіру жұмысы жүргізілді. Мамандар балаларды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары, жауапты тұлғалардың міндеттері және төтенше жағдайлардың алдын алу тетіктері бойынша баяндама жасап, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының жілігін төмендету, мектептердегі тәртіп

бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар қаралды.

Жиынға мектеп директорлары, уәскалелі полиция инспекторлары, спорт мектептерінің жаттықтырушылары қатысты. Олар жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ата-ана жауапкершілігін арттыру және әлеуметтік-психологиялық қолдау шараларын жетілдіру бойынша пікір алмасты.

Комиссия мүшелері тарапынан құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейту, ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жан-

дандыру, білім беру ұйымдарында профилактикалық жұмысты жүйелі жүргізу туралы тапсырмалар берілді.

Жиын соңында жиналыс төрағасы көмелетке толмағандар қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау ауданның басты басымдықтарының бірі екенін айтып, атқарушы органдарға нақты міндеттер жүктеді. Жалпы аудан бойынша жастардың саны — 6010, оқушылардың саны — 4210.

Әйгерім МОПЫҚ,
Әйтеке би ауданы әкімі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы.

Семинар



ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТ ҮЛЕСІ

Ақтөбедегі №78 мектеп-гимназияда «Денешынықтыру сабақтарында қазақтың ұлттық ойындарын оқытуда интерактивті және оқуға бағытталған әдістерді пайдалану» тақырыбында қалалық семинар өтті. Іс-шараға қаладағы мектептердің денешынықтыру пәнінің мұғалімдері қатысты.

Семинардың мақсаты — ұлттық ойындарды насихаттау арқылы оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру және заманауи оқыту тәсілдерін денешынықтыру сабағына тиімді енгізу.

Әр мектептің педагогтері акт залында жиналып, жасанды интелект көмегімен тапсырмаларды жылдам орындап, оны оқыту үдерісінде қалай тиімді қолдануға болатынын тәжірибе жүзінде көрсетті.

— Бұл әдіс мұғалімдерге ұлттық ойындарды балаларға қызықты әрі түсінікті түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасанды интелектің пайдалану арқылы қысқа мерзімді жоспар мен бейнематериалдарды жедел әзірлеу мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, уақыт үнемдейді. Басты мақсатымыз — жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды заманға сай, жаңа тәсілмен жеткізу. Жалпы біздің білім ордасында ұлттық спортқа ерекше көңіл бөлінеді. Тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық секілді спорт түрлерінен оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болып жүр, — деді №78 мектеп-гимназияның директоры Жанар Сейтмағанбетова.

Семинар барысында қатысушылар небәрі екі минуттың ішінде жасанды интелект арқылы қысқа мерзімді жоспар әзірлеп, соған сәйкес ұлттық ойындарға ар-

налған бейнематериалдар жасап шығарды.

Сондай-ақ ұстаздарға №78 мектеп-гимназиясында жаңадан ашылған садақ ату кабинеті де таныстырылды. Қатысушылар арнайы жабдықталған кабинетті көріп, ұлттық спорт түрінің мектеп оқушылары арасында насихатталып жатқанына жоғары баға берді.

— Мұндай семинарлар денешынықтыру пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттырып, ұлттық тәрбиені сабақта тиімді енгізуге зор мүмкіндік береді. Біз үшін өте маңызды. Өйткені көп уақытымыз спортзалда өтпелідіктен, қағаз жұмыстарына үлгеру қиын. Ал жасанды интелект көмегімен жоспар мен бағдарлама жасау тәсілін меңзерсек, жұмысымыз едәуір жеңілдейді. Бүгінгі семинардан көп нәрсе үйрендік, — деді №38 мектептің денешынықтыру пәнінің мұғалімі Еркін Құдайысұпиров.

Семинар соңында денешынықтыру пәні мұғалімдері жасанды интелект құралдарын қолдана отырып, қысқа мерзімді жоспар құру, тапсырмалар әзірлеу, тіпті оқу видеоларын бірнеше минутта жасау дағдыларын меңгерді. Семинар педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттырып, оқу үдерісін жаңаша ұйымдастырудың жолдарын көрсетті.

Кәмшат ҚОПАЕВА.

«АДАЛ АЗАМАТ —
ҚОҒАМ АЙНАСЫ»

«Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету бағытында Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінде «Адал азамат — қоғам айнасы» тақырыбында профилактикалық кездесу өтті.

Кездесудің негізгі мақсаты — оқушыларға құқықтық мәдениеттің маңызын түсіндіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыру және адал өмір сүрудің құндылығын дәріптеу. Іс-шараға колледж директоры, топ кураторлары, арнайы мамандар және колледж оқушылары қатысты.

Кездесу барысында қатысушыларға адалдық, жауапкершілік, заңға бағыну, өз әрекетінің салдарын түсіну сияқты маңызды құндылықтар туралы кең көлемді ақпарат берілді. «Жастар рухы» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Әлішер Тыныштық, полиция майоры Қарлығаш Шауқалиева, «Аңсар» ақпараттық-талдау орталығының жетекшісі Тоқтар Тобажанов, облыстық полиция департаментінің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Олжас Оспанов және «JAN ANUAL» психологиялық қолдау орталығы директорының орынбасары Медеухан Жасқанова жастарға өз кеңестерін айтты. Сондай-ақ құқық бұзушылықтың түрлері, оның алдын алу жолдары, киберқауіпсіздік, әлеуметтік желілердегі мәдениет және азаматтық жауапкершілік туралы нақты деректер мен мысалдар келтірді.

Оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ашық диалог алаңында пікір алмасып, адал азамат болудың қоғам дамуы үшін қаншалықты маңызға ие екендігін талқылады. Кездесу барысында жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамыту жолдары, өмірлік мақсаттар мен құндылықтарды дұрыс қалыптастырудың маңызы ерекше атап өтілді.

Шара соңында қатысушыларға құқықтық мәдениетті нығайту, заң талаптарын сақтау және қоғамға пайдалы, адал азамат болып қалыптасу бойынша ұсынымдар берілді. Аталған кездесу жастардың азаматтық ұстанымын нығайтып, олардың өмірлік бағыт-бағдарын айқындауға зор ықпал етті.

К.ҚОПАЕВА.

Жәрмеңке

САПАЛЫ ӨНІМ, ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА

Ақтөбе қаласындағы «Табыс» коммуналдық базарында кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Шараға Ақтөбе қаласы мен Ырғыз, Қобда аудандарынан келген ауыл шаруашылығы өндірушілері мен шаруа қожалықтары қатысып, өнімдерін тікелей өндіруші бағасымен ұсынды. Жәрмеңке сөрелеріне 3,1 тонна ет өнімі, 0,9 тонна сүт өнімі және 1,3 тонна көкөніс жеткізілді.

Тұрғындарға тиімді болу үшін жәрмеңкедегі тауарлар нарықтық бағадан 15-20 пайыз төмен бағада сатылды. Бұл өз кезегінде қала тұрғындары мен қонақтарына қолжетімді бағамен сапалы азық-түлік сатып алуға мүмкіндік берді.

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі биылғы 27 желтоқсанға дейін сенбі сайын өткізіледі.

Өз тілшіміз.



«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты «Коммуналдық мүлкті жекешелендіру туралы» («Ақтөбе» облыстық футбол клубы) АҚ) тақырыбында көпшіліктік тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін күні мен уақыты: 2025 жылғы 22 желтоқсан, сағат 10.00-де.
Өтетін орны: Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 (Ақтөбе облысы әкімдігінің ғимараты).

Көпшіліктік тыңдауларға депутаттар, атқарушы органдардың, өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, азаматтар және барлық мүдделі тұлғалар шақырылады.

«ЛОТОС АҚТӨБЕ» ЖШС

жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: «Ауаға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері жобасы», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы».

Әсер ету аумағы: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, солтүстік-батыс өнеркәсіп аймағы орамы, 417а. Учаскенің координаттары: С.ш.50.345220 В.д. 57.130462.

Қоғамдық тыңдаулар: 2025 жылғы 30 желтоқсан сағат 15.00-де, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, солтүстік-батыс өнеркәсіп аймағы орамы, 417а. «Лотос Ақтөбе» ЖШС кеңсесі.мекенжайында өтеді.

Әкілі: А.З.Бижанов

Байланыс тел.: 8 7719089999

Интернеттегі байланыс сілтемесі:

https://us04web.zoom.us/j/76843909450?pwd=0vZTKYp7aAFBxcSrdDRUa q275bBkcV1

Конференция идентификаторы: 768 4390 9450

Кіру коды: 9NuVhL

Жоспарланып отырған қызметтің операторы: «Лотос Ақтөбе» ЖШС, БСН 050240010381, мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, солтүстік-батыс өнеркәсіп аймағы орамы, 417а Тел. 87719089999.

Жобаны әзірлеуші: «Asia sonsult» ЖШС Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр көшесі, 1-үй/ 320. Жобаның материалдары www.ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-raidalanauy/?lang=ru сайтарында орналастырылған.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжайы мен немірі бойынша танысуға болады: «Лотос Ақтөбе» ЖШС, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, солтүстік-батыс өнеркәсіп аймағы орамы, 417а. моб. тел.: 87719089999.

Ескертулер мен ұсыныстар www.ndbecology.gov.kz сайты арқылы, сондай-ақ expert_oos@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

ЖАРНАМА 90-71-55

Облыстық мәслихаттың депутаттары мен аппараты, Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Камшат Шәкірбекқызы Төлеуоваға әкесі

Шәкірбек Мұханбедиярұлы ТӨЛЕУДІН

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе облысының Кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесі

Шәкірбек Мұханбедиярұлы ТӨЛЕУДІН

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қызы Кәмшат Шәкірбекқызына және туған-туыстарына орны толмас ауыр қайғыға шын жүректен көңіл айтады.

Қайғыңызға ортақтасып, сабыр тілейміз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы салихалы болсын.

Ойыл аудандық білім бөлімінің қызметкерлері мен аудандық білім беру ұйымдарының бастауыш кәсіподақ ұйымы төрағалары Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы Измағанбетова Гүлмира Сабырқызына аяулы

анасының

мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты отбасына, ағайын-туысына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Әйтеке би ауданы, Северный мектебін 1966 жылы бітірген алғашқы тұлелері сыныптасымыз

Іңкәр ҮМБЕТОВНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына көңіл айтамыз.

Еске алушылар: Қуандық, Төке-Батима, Амантай-Алмагүл, Шайзада, Дәмелі, Света, Байғазы, Нұралы-Моншақ, Ақансері.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-СЯСИА ГАЗЕТ

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС

Газет 1974 жылы «Күрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УР00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН
Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ СЯСАЯТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА,
Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Ақбота ҚАЛДЫБЕК, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер
Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СыДЫҚОВ

Беттеуші
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар
Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.
Сайт: www.aktobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 11652 Тапсырыс №1340

Немірдің кезекші редакторы
Нұрмұханбет Дияров

